

Хесептеури  
көпшік



«МӘРТӨК АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ  
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
ЖК «МАНСУР» БАЛАБАҚШАСЫ.

/Мәртөк аудандық білім бөлімінің бұйрығы  
« 27 » 2022ж



## БАҒДАРЛАМА

Вариативтік компонент

### «Жас экологтар»

Мектепалды даярлық тобы 5-6жастағы балаларға арналған  
Оқу жылдары 2021-2024

Әзірлеуші: тәрбиеші Аллиярова Ж.Ж.  
«Мансур» балабақшасы.

Жайсаң 2021жыл.

копия верна



Құрастырған: Аллиярова Жанат Жанабаевна.

«Мансур» МДҮ әдістемелік жиналыс педагогикалық кеңесі отырысында «Жас экологтар» бағдарламасы қаралды.

Хаттама № 2

«24» Ташық 2021-2022жыл

«Мансур» балабақшасының меңгерушісі: Уразгулова Л.А.Уразгулова.



Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Жас экологтар» атты бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 8

«08» 09 2021 - 2022жыл



Сараптама төрайымы: Сараптама төрайымы

[Signature]

С. Баймашметова

Копие берма



**«Мансур» балабақшасының  
тәрбиешісі Аллиярова Жанат Жанабаевнаның  
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған  
«Жас экологтар» атты бағдарламасына.**

**ПІКІР**

Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете алмаймыз. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі — «Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Біз күнделікті жұмысымызда баланы өз туған өлкесін табиғатын сүйуге, оны аялай білуге, оны қорғауға, қызығушылығын арттырып жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйретуді мақсат тұтамыз. Әдістемелік нұсқаулық «Таным» білім саласы бойынша тәрбиешіге жақсы көмекші құрал болып табылады. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды бақылау арқылы үйренеді. Нұсқаулық табиғатты танып, білу – мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым-қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді. Әдістемелік нұсқаулық тәрбиеші жұмысын жеңілдетуге көп септігін тигізеді.

Бағдарлама мектепалды даярлық тобы(5-6жасқа), аптасына 1 сағаттан, жылына 36-сағатқа құрылған.

Мәртөк аудандық білім  
бөлімінің әдіскері:

Шауменова.М.А.

Катие Верна



## Түсінік хат

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалды қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала — қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Көрнекті психолог С.Л.Рубинштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп қарастырады. Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды. Экологиялық тәрбие әдістемелерін, басқа балабақшалардың озық тәжірибелерін зерттей келе, табиғатты бақылаудың бағдарламасын жасақтау тиімді деп шештік. Біріншіден, арнайы бағдарлама пайдалану оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық күзінеттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Баланың жан-жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну-танып білу- жүзеге асыру» — осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

жолшы берсе



### Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Құрғақ топырақпен таныс	Балаларды өлі табиғаттың бір құрамы - топырақпен таныстыру	1	07.09.21
2	Қыркүйектің басында біздің аулада не өседі?	Балаларды ауладағы өсімдіктерді танып білуге үйрету.	1	14.09.21
3	Ауа деген не?	Балаларды ауа және оның қасиеттерімен таныстыру	1	21.09.21
4	Күзде жәндіктерді бақылау.	Жәндіктердің күздегі тіршілігімен танысу.	1	28.09.21
5	Мақсатты серуен. «Күзбен кездесу»	Күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылау.	1	05.10.21
6	Шықты бақылау.	Балаларды табиғат құбылыстарының бірі-шықпен таныстыру.	1	12.10.21
7	Балабақша ауласын қарау. «Барлаушылар» ойыны.	Ауладағы бұталар, ағаштар, гүлдердегі өзгерістерді байқауға үйрету.	1	19.10.21
8	Ауа-райын бақылау.	Балаларды ауа-райын сипаттауға үйрету	1	26.10.21

Қосымша берілді



9	Қайтқан құстарды бақылау.	Құстардың азайғандығына назар аудару. Себебін анықтау.	1	02.11.21
10	Күзгі Жайық өзені. Мақсатты серуен.	Өзен бетіндегі өзгерістерге назар аудару.	1	09.11.21
11	Тұманды бақылау.	Балаларды табиғат құбылысының бірі-тұманмен таныстыру.	1	16.11.21
12	Ауа-райын салыстырмалы түрде бақылау.	Біржылдық және көпжылдық өсімдіктер туралы мағлұмат беру.	1	23.10.21
13	Жапырақтың түсуін бақылау.	Табиғаттың жылдың төрт мезгілінде де сұлу екендігіне назар аудару.	1	30.10.21
14	«Бақшадағы гүлдердің тұқымын жинайық»	Біржылдық және көпжылдық өсімдіктер туралы мағлұмат беру.	1	07.12.21
15	Ауладағы өсімдіктердегі маусымдық өзгерістерге назар аудару.	Ауладағы өсімдіктердегі маусымдық өзгерістерге назар аудару.	1	14.12.21
16	Аққайыңды бақылау.	Аққайың ағашының өзгеріске ұшырауын бақылау.	1	21.12.21
17	Желді бақылау.	Балаларды табиғат құбылыстарының бірі-	1	28.12.21

копия верна



		желмен таныстыру.		
18	Аула тазалаушының еңбегі.	Аула тазалаушының іс-әрекетін бақылау.	1	04.01.22
19	Алғашқы суықтық.	Күн салқындауы мен мұзқату байланысы.	1	11.01.22
20	Қардың түсуін бақылау.	Қысқы табиғат құбылыстарының бірі- қар туралы мағлұмат беру.	1	18.01.22
21	Боран және бұрқасынды бақылау.	Боран және бұрқасын туралы білімдерін кеңейту	1	25.01.12
22	Қырауды бақылау.	Бақылау арқылы қырау туралы білімдерін жетілдіру	1	01.02.22
23	Ауа-райының қыс мезгіліндегі ерекшеліктерін бақылау.	Қысқы ауа-райына сипаттама бере білуге үйрету	1	08.02.22
24	Қардың суға айналуы.	Тәжірибе жасау арқылы қардың суға айналуын бақылау	1	15.02.22
25	Қар мен мұзды салыстыру	Қар мен мұздың қасиеттерін айыра білу	1	22.02.22
26	Құстардың қысқы тіршілігі.	Қыстайтын құстардың тіршілігін бақылау	1	01.03.22
27	Ұйқыдағы	Қыс мезгіліндегі өсімдіктердің күйін	1	08.03.22

Қолжазба



	ағаштар.	бақылау		
28	Үлкендердің қысқы еңбегі.	Қыс мезгіліндегі үлкендер еңбегін бақылау	1	15.03.22
29	Қардың түрлері.	Қардың түрлерімен таныстыру	1	22.03.22
30	Ауа-райын салыстырмалы түрде бақылау.	Қыс соңындағы ауа-райындағы өзгерістерді бақылау	1	29.03.22
31	Көктем келді.	Көктемнің алғашқы белгілерін бақылау	1	05.04.22
32	Жылгалардан су ақты.	Қардың еруі, жылгалардан су болып ағуына назар аудару	1	12.04.22
33	Құстар келді.	Жылы жақтардан ұшып келіп жатырған құстарды бақылау	1	19.04.22
34	Ағаштар бүршік жарды.	Көктемдегі ағаштарда болып жатырған өзгерістерді бақылау	1	26.04.22
35	Көктемгі табиғат ерекшеліктерін бақылау.	Көктем мезгіліндегі табиғат ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту	1	03.05.22
36	Мақсатты серуен. Көктемгі баққа саяхат.	Жылы жақтан құстардың ұшып келуі аяқталғанын түсіндіру	1	10.05.22
	<b>Барлығы:</b>		<b>36</b>	



Каше Верна



## Әдістемелік нұсқау.

### 1. Құрғақ топырақпен танысу.

#### Мақсаты:

Балаларды өлі табиғаттың құрамдас бөліктерінің бірі- топырақпен таныстыру.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Бір уыс құрғақ топырақты ақ немесе кара түсті қағаз бетіне салып, қарау. Әр балаға тәрбиеші лупа беріп, мұқият қарауға мүмкіндік береді.

Топырақтың түсі қандай? (Сары немесе қоңыр). Топырақ неден тұрады? (Уақ ұнтақтардан). Әртүрлі топырақтарды қарап, салыстыру. Олар қандай? (Өте кішкентай, дөңгелек, жылтыр, қатты, тегіс емес, түстері әртүрлі). Топырақты қалай атауға болады? (Сусымалы).

#### Тәжірибе:

*Үлестірмелі материал әр балаға:* қағаз бетіне салынған аздаған уыс топырақ.

**Мақсаты:** Топырақты мұқият, асықпай қарап мүмкіндігінше көбірек ерекшелігін табу.

Қарапайым топырақтан балалар көп қызық нәрсені табады: олардың ұсақ, ірілеу, түсіне қарай (ашық, күңгірт), жылтырлығына қарай (жылтыр, түссіздеу).

**Табиғаттағы еңбек:** Топырақты қоқыстан тазарту.

### 2. Бақылау «Біздің аулада қыркүйектің басында қандай өсімдіктер өседі?»

**Мақсаты:** Балаларға аулада өсетін өсімдіктерді табуды және олардың атауларын дұрыс айтуға үйрету.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Біздің ауламызда қандай өсімдіктер өседі?

Көктемде біз қандай гүлдер отырғыздық? Гүлдерді өз ауламызға не үшін отырғыздық? Ең сүйікті гүлің қандай? Неліктен?

Ауланы бақылау, гүлдеген өсімдіктерді табу, олардың атауларын анықтау. Ауланың жайқалған гүдерімен сұлуланып тұрғаны атап өтіледі. Балалар гүлдерді қызықтайды. Әрбір өсімдіктің несімен әсем екенін айтып береді.

Көркем сөз:

Раушан

Қызыл, күлгін, ақ, сары

Шешек атқан шақтағы

Хош иісі сүйсінткен

Ең әсем гүл бақтағы.

Копия Верна



Көп ел егіп күтеді

Сатады әр гүл дүкені

Араларында абайла

Сабақта бар тікені.

**Табиғаттағы еңбек:** Гүлдердің жас тұқымдарын жинау

### **3. Бақылау. Ауа дегеніміз не?**

**Мақсаты:** Балаларға табиғат құбылысының бірі ауа туралы түсінік беру және оның ерекшеліктерімен таныстыру.

**Сұрақтары:** Біз немен тыныс аламыз? Алдымен терең тыныс алып, содан соң демімізді сыртқа шығарайық. Қалай ойлайсындар, біз қазір нені жұттық? (Ауа). Ал ауа дегеніміз не екен? Ауаны көргендерің бар ма? (Біз оны көрмейміз, бірақ ол үнемі біз болған жерде болады). Біз оны неліктен көрмейміз? (ауа – жеңіл, түссіз). Тыныс алатынымызды қалай дәлелдеуге болады?

**Тәжірибе:** Алақандарыңды алдымен ауыздарыңа, содан соң мұрындарыңа тақап тыныс алыңдар. Не сезіп тұрсындар?

(алақандарың демдеріңнен жылына бастайды).

**Жұмбақ шешу:**

*Бір нәрсе жер мен көктің арасында,*

*Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.*

*Білінбей жер үстінде жүрсе-дағы,*

*Пайдалы адамзаттың баласына.*

*(Ауа)*

**Табиғаттағы еңбек:** Көшеттерден құрғақ талдар кесіп алу.

### **4. Күз мезгілінде жәндіктерді бақылау.**

**Мақсаты:** Жәндіктердің күз мезгіліндегі іс-әрекеттерін жүйелендіру

**Сұрақтары:** Шөпте шырылдаған шегірткелер қайда жоғалып кетті? Қанқыздар неге көрінбейді? Қоңыздар мен көбелектердің барлығы қайда кеткен? (Олар тығылып қалған). Олар сонда кімнен немесе неден тығылып қалған? (Олар тоңған соң салқындықтан тығылып қалған). Олар қайда тығылды сонда? (ағаштардың, үйлердің ұсақ қуыс жерлеріне). Олар онда не істеп жатыр? (Олар ұйықтап жатыр).

**Тәжірибе:** Жәндіктердің ұзақ суық қыста өліп қалмау үшін тығылған жерлерін табу (ағаштардың қуыстарынан, жерге түскен жапырақтар арасынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап, жайып қарау. Қорытынды: жапырақтарда көптеген тірі ағзалар бар. Соларды қарап шығу.

**Табиғаттағы еңбек:** Аймақты жапырақтардан тазарту.

Көпше берме



### **5.Мақсатты серуен. Тақырыбы «Күзбен кездесу» (саябаққа саяхат)**

**Міндеттері:**Балаларға табиғаттағы өзгерістерді байқауды және сол өзгерістерге сүйсінуді үйрету. Балаларды өлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру: күннің көзі жаз мезгіліндегідей көп ысытпайды, аспан әлі көгілдір, бірақ жиі бұлттанады. Жаңадан жөке ағашымен таныстыру, өзіне тән қасиеттерін атап көрсету (діңгегінің бітімін, бұтақтарының орналасуын, жапырақтарының пішінін),балалардың ағаштар туралы білімін жүйелендіру.Балалардың саябақ туралы – жасанды жасақталған өсімдіктер қауымдастығы ретінде білімдерін кеңейту. Саябақтың күзгі көрінісін тамашалау; ағаштар мен бұталар өзінің күзгі бояуын өзгертті (олар түрленіп бояуын өзгертіп, құбылып тұр)

### **6.Шықты бақылау.**

**Мақсаты:**Балаларды табиғат құбылыстарының бірі-шықпен таныстыру.

**Мазмұны мен сұрақтары:**Шөптер неге дымқыл? Бұл ылғал қайдан пайда болды? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Шық қайдан пайда болды? (Оның пайда болған себебі, жер, шөптер, жапырақтар күн батқан соң суи бастады. Ал ауа әлі жылы.Ауадағы сулы бу суыған жерге түсіп, шөптердің бетіне тамшы болып тұрып қалады).Шық қандай жерлерге көп түседі?(Шық өзендердің, тоғандардың төңірегінде көбірек болады).Ол қандай ауа райы кезінде пайда болады?Бұлтты ауа райы кезінде ме,әлде бұлтты ауа райы кезінде ме?(Шық ауа райы бұлттанып тұрғанда болмайды,ол тек аспан шайдай ашық кезде пайда болады).Ал адамға шық керек пе? Оның пайдасы бар ма?(Жаңбыр сияқты шық та өсімдіктерге өте қажет және пайдалы.Шықтың тамшыларын шөптердің бетінен құстар мен жәндіктер ішеді).

**Табиғаттағы еңбек:**Гүл атқан өсімдіктерді аймақтан топқа ауыстыру.

### **7.Бақылау. Бала бақша аймағын тексеру («Тыңшылар» ойыны)**

**Мақсаты:**Балалардың назарын табиғаттағы, өздеріне таныс гүлдердегі, ағаштардағы, көшеттердегі өзгерістерге аударту.

**Сұрақтары:**Аймақта жасыл желек көп пе? Гүлдер ше? Соларды табайық. Осы аймақ тірі ағзалардың үйі болып табыла ма? Қандай тірі ағзалардың мекені? Бұл үйде аумақтың мекендеушілеріне пайдалы не бар? (Аймақ – көптеген өсімдіктердің үйі, олар осы жерде өседі және өздерін жақсы сезінеді, себебі олардың тіршілік етуіне керекті нәрсенің барлығы бар: құнарлы топырақ, жеткілікті мөлшердегі ылғал, күннің көзі және жылу.) Таза әрі әсем аймақта серуендеу балалардың денсаулығына да пайдалы. Сондықтан аймақты күтіп таза ұстау керек. Енді іздеп көрейік, аймағымызда қанша жәндіктер бар екен?

Жазира Берма



Олар жазда қанша еді? Олардың қазіргі іс-әрекеттері қандай? (күздегі)? Жаз мезгіліндегімен салыстыру.

**Көркем сөз:**

«КҮЗ»

Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін

**Табиғаттағы еңбек:** Жапырақтарды кептіріп гербарий жасауға дайындау.

### 8. Ауа райын бақылау.

**Мақсаты:** Ауа райын сипаттайтын белгілермен таныстыру.

**Мазмұны мен сұрақтары:** аспанды байқап көру ұсынылады және оның түсі қандай екені, не көріп тұрғандары (бұлт, күн), жаңбыр жауып тұрғандығы немесе аспанның ашық екендігі айтылады. Аспанға карап ауа райы анықталады (бұлттанған, ашық, жаңбырлы). Ары қарай желдің бар-жоқтығы анықталады (желді байқауға болатын белгілерді іздеу). Ауа райы басқаша сипатталады: желді (тынық). Содан соң ауа райының температуралық ерекшеліктері туралы айтылады. Балалардың киіміне, оның жыл мезгіліне, ауа райына сәйкестігіне назар аударылады және ауа райын анықтау ұсынылады (жылы, салқын, өте жылы, шамалы салқындау, суық). Қорытынды шығарылады.

**Көркем сөз:**

«Күз»

Жел тынымсыз гуілдеп

Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал, терек

Жапырағын жұлғызып.

**Табиғаттағы еңбек:** сыртқы ойын ауласын тазалауға көмектесу.


### 9. Құстардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын бақылау.

**Мақсаты:** Құстардың азайғандығына назар аудару. Себебін анықтау.

**Мазмұны мен тақырыбы:** Қазір шыбындар, масалар, көбелектер бар ма? Олар қайда? Олармен басқа тірі табиғат өкілдері қоректене ме? (құстар) Ол құстар қазір немен қоректеніп жатыр? (Оларға қоректенетін ештеңе қалмады). Олар қорексіз қалай тірі қалады? Олар не істеп жүр екен? (Олар жылы жаққа ұшуға дайындалуда) Олардың ұшып кетейін деп жүргенін қайдан білдіңдер? (Олар топтаса біресе ұшуға дайындалып ауада қалықтаса, біресе сымдарға қонып ұзақ сапар туралы ақылдасқандай бір-бірлерімен сыбырласқандай болады) Біз оларды бірнеше күннен соң көре аламыз ба? (Бірнеше күннен соң біз оларды көре алмаймыз, олар ұшып кетеді).

**Көркем сөз:**

Киімі ала, ісі бар шала,



Мекені- орман, дала.

(сауысқан)

Жасыл орман желекті,

Оның күтін, бакканы.

Тоқылдатса теректі-

Кұртын қуып жатқаны.

(тоқылдақ)

**Табиғаттағы еңбек:** Күстарды жемдеу үшін жапырақтар мен өсімдіктер дәндерін дайындау.

### **10. Мақсатты серуен. Тақырыбы «Қоршаған ортаның жан-жануарларға әсері»**

#### **(Қарағайлы тоғайға саяхат)**

**Міндеттері:** Қарағайлы тоғайда кездесетін ағаштар мен көшеттер туралы білімін жүйелендіру (қарағай жарықты жақсы көреді, сондықтан қарағайлы ормандарда үнемі жарық болады, қарағайдың иісі ауру тудыратын бактериялардың көбеюіне кедергі болады) Балаларды жемісті көшеттермен таныстыру: қарақат пен бүлдірген (олардың бір-біріне қандай ұқсастығы және айырмашылығы бар, адамдар оларды қалай пайдаланады). Жануарлардың өмірі қоршаған орта жағдайларына тәуелді екендігіне балалардың назарын аудару (қарағай көптеген жануарлар мен құстарға қорек беріп, ұя салуға мүмкіндік береді: үкілерге, ақтиіндерге т.б.). Туған жердің табиғатын сүйюге, қарағайлы тоғай, орманның сұлулығына сүйсіне білуге тәрбиелеу.

#### **11. Тұманды бақылау.**

**Мақсаты:** Балаларды табиғи құбылыстың бірі – тұманмен таныстыру. Мазмұны мен сұрақтары: қалай ойлайсындар тұман қалай пайда болады? (жылы әрі ылғал ауа ыссы жер бетінен жоғары көтеріледі де, салқынырақ ауамен араласады. Су буы ауадан ұп-ұсак су тамшыларына айналады. Бұл тамшылар өте ұсак болғандықтан, олар жерге тамбайды, оларды жел ұшырмайынша немесе күннің көзі кептірмейінше ауада қалықтап тұрады.) жылдың қай мезгілінде тұман тұрады? (Қалың тұмандар күз мезгілінде жиі тұрады). Тұман тәуліктің қай мезгілінде жиі тұрады? (Таңертен) Тұманды таң салқын бола ма, жылы бола ма? (күзгі тұманды таңда ауа райы дымқыл әрі салқын болады). Алыстан үйлер анық көріне ме? Жолдар? Ағаштар ше? (Қалың тұман тұрғанда өте нашар көрінеді).

#### **Көркем сөз:**

«Тұман»

Бұлттар төніп

Жерге төгіп,

Дымқыл тұман басады.



**Табиғаттағы еңбек:** Жерден түсі солған өсімдіктердің тамырын жүлу.

### 12. Бақылау «Бақ гүлдерінің тұқымдарын жинаймыз».

**Мақсаты:** Балаларды пішіні әртүрлі гүлдер тұқымдарымен таныстыру. Түсінік қалыптастыру: біржылдық және көпжылдық өсімдіктер.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Тұқымның жетілгенін қалай анықтауға болады?

Тұқымдарды не үшін жинау керек? Біз жинап үлгермеген тұқымдарға не

болады? Ол тұқымдардан гүл өсіп шыға ма? Қандай гүлдер өсіп шығады?

Гүлдерді бақылау, піскен тұқымдарды жинап қораншаға немесе дорбанаға

салу. Тәрбиенің бір гүлде көп тұқым бар екеніне назар аударады. Демек келесі жылы көп гүл өсіруге болады.

**Ойын:**

«Гүл тұқымдары» дүкені

**Мақсаты:** Таныс гүлдердің тұқымдарының сыртқы пішінімен таныстыру. Гүл егудің кейбір тәсілдерін балалардың естеріне түсіру.

**Ойын ережесі:** Сатып алушы өзіне керекті тұқымды және одан өсіп шығатын гүлді суреттен, тұқымды егудің тәсілін айту керек.

**Табиғаттағы еңбек:** Балаларға тұқымдарды қораншаға жинауды, олардың қайсысы қай гүлдің тұқымы екенін шатастырмау үшін, гүлдің суретін жабыстырып қоюды ұсыну.

### 13. Ауа райын салыстыру әдісімен бақылау.

**Мақсаты:** ауа райын салыстыру әдісімен анықтауды үйрену.

**Сұрақтары:** Кеше ауа райы қандай болды, естеріңде ме? Бүгін де ауа райы дәл сондай ма әлде өзгеше ме? Аспанға қарап айтыңдаршы, кеше қандай болды, бүгін қандай екен? Желдің бар-жоқтығын анықтаңдар және кешегі күнмен салыстырыңдар. Бүгінгі күн жылы ма салқын ба, сендер кешегідей киініп алдыңдар ма? Қорыта келе ауа райы толықтай жалпы анықталады.

**Көркем сөз:**

«Күз»

Күз де келді, күз келді

Күдерін жаз үзгенді

Күз де келді, күз келді

Көкте бұлттар жүзді енді.

**Табиғаттағы еңбек:** Аймақты жапырақтар мен бұтақтардан тазарту.

### 14. Жапырақтарды бақылау.

**Мақсаты:** Балаларға табиғаттың жылдың барлық мезгілінде де еңлу екенін көрсету.

**Сұрақтары:**

Бақ түрлі түсті,

Жапырақтар үзіліп,

Жерге түсті!...

Өлеңде қандай табиғат құбылысы туралы айтылған? Күз мезгілінде

жапырақтар неліктен жерге түседі? (Күзде жапырақтарға жылу мен күннің көзі жетіспейді). Ағаштар қысқы суыққа қалай дайындалады? (жапырақтарын

Күміс Ветина

түсіріп). Түрлі ағаштардың жапырақтарының түсі бірдей бола ма? (түрлі ағаштардың жапырақтарының түсі әртүрлі болады). Сендерге түрлі түсті жапырақтар ұнай ма? Оларды жинау сендерге ұнай ма? Неліктен?

**Көркем сөз:**

Алтын, сары, қызыл, көк...

Алуан, алуан жапырақ,

Күзгі бакта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

**Табиғаттағы еңбек:** Жапырақтарды кептіріп аппликация жасауға дайындау.

**15. Аймақтағы өсімдіктер мен олардың әр мезгілдегі ерекшелігін бақылау.**

**Мақсаты:** Табиғи құбылыстар мен жыл мезгілдерін салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табу.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Ағаштардың бірі қарастырылады. Бұл ағаш қалай аталады? Жапырақтарының түсі қандай? Сары түсті жапырақтары көп пе әлде жасыл түстілері көп пе? Сары түсті жапырақтары қай жерде орналасқан: жасыл түстілері ше? Ағаш түбінде түскен жапырақтар бар ма және олар қандай түсті? Ағаштағы жапырақ көп пе әлде жерге түскен жапырақ көп пе? Түрлі түсті жапырақтармен ағаш әдемі көріне ме?

Содан кейін аймақтың басқа да ағаштары туралы айтылады және күздің белгілері сөз болады. Ағаштарға қарап қайсысы ұнайтынын айтыңдар. Неліктен?

**Көркем сөз:**

Күзде

Қайтқан құсты көрдің бе,

Қаптай ұшқан әуелеп.

Күткен күзім келдің бе,

Сыңсып бағың мәуелеп.

**Табиғаттағы еңбек:** Артық бұтақтарды кесу.

**16. Қайыңды бақылау.**

**Мақсаты:** Қайыңда алдыңғы бақылаудан бергі пайда болған өзгерістерге балалардың назарын аудару.

**Сұрақтары:** қайың күздің аяғында, қыстың басында – желтоқсанда қандай болады? Біздің қайың қандай? Оның діңгегі қандай? (Қайың өте әдемі, ұсақ бұйра жапырақтары бар, діңгегі ақ, ол тіп-тізу). Жапырақтарының түсі қандай? Сары жапырақтары көп пе әлде жасылдары көп пе? Ағаштағы жапырақ көп пе, әлде жерге түскен жапырақ көп пе? Түрлі түсті жапырақтармен ағаш әдемі көріне ме?

**Табиғаттағы еңбек:** Ағаштар түбін қопсыту.

**17. Желді бақылау.**

**Мақсаты:** Балаларды табиғи құбылыстардың бірі желмен таныстыру.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Қалай ойлайсыңдар, жел қайдан пайда болады? (Жел дегеніміз қозғалысқа ұшыраған ауа. Жылы ауа жоғарыға көтеріледі, ал салқын ауа төменде болады. Демек жылы ауа салқын ауадан жеңіл деген сөз.).



жел не істейді? (шулайды, ызындайды, гүрілдейді, жапырақтарды жайқалтады, бас киімімізді ұшырып әкетеді). Жел қандай болады? (күшті, жай, тыныш, самал, жылы, үскірік, салқын, ыстық). Неліктен желді құбылмалы деп айтады? (Жылы жел салқын желге ауысып кетуі мүмкін) неліктен желді еркін деп айтады? (Ол барлық жерде есе алады, оны ұстау мүмкін емес) Сендерге қандай жел ұнайды және неліктен? Қандай желдерді кездестірдіңдер? Ал қандай желдерді кездестірген жокейңдар?

**Ойын:**Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі  
Кіп-кішкентай ағаштар,  
Үп-үлкен боп өседі.

**Жұмбақ:**

Қанаты жоқ ұшады,  
Аяғы жоқ қашады.  
(Жел)

**Табиғаттағы еңбек:**Жабайы өсімдіктердің тұқымдарын құстарды жемдеу үшін жинау.

**18.Бақылау. Аула сыпырушының еңбегі.**

**Мақсаты:**Балаларды аула сыпырушының қыс мезгіліндегі жұмыстарымен таныстыру.

**Мазмұны мен сұрақтары:**Біздің аймақты кім сыпырады? Ол не үшін сыпырады? Ол нені тазалайды? Жерге түскен жапырақтар көп пе? Неге көп? (күз бітті, қыс түсті) Бір-екі аптадан кейін қаншамасы түседі? Ол жапырақтарды қайда шығарады? Жапырақты уақтылы жинамаса, қардың астында қалады. Оны өртеуге бола ма? Неліктен?

**Жұмбақтар шешу:**

Аспандағы көлеңке жерге суын шашады.  
(Бұлт пен жаңбыр)

**Табиғаттағы еңбек:**Аула сыпырушыға көмектесу – жеміс ағаштарының түбін копсыту.

**19.Бақылау. Алғашқы суық күндер.**

**Мақсаты:**Балалардың ауа райының суытуының себептерін анықтай білулерін жетілдіру.


**Мазмұны мен сұрақтары:**қатқақ деген не? Ол неліктен пайда болады? (температураның төмендеуінен) Суық ауа райы кезінде не пайда болады? (Қырау) Ол не? (Ағаштарда, жердің бетінде, барлық нәрселерде мұз қабыршақтардың пайда болуы). Ол қандай болады? (Кейде инелер тәрізді катады). Оны немен салыстыруға болады? (Қысқы қыраумен). Термометрге қараңдаршы, сынап бағанасы нөлден жоғары ма, төмен бе? Сонда бүгін температура қанша болғаны?

**Тәжірибе:**Алғашқы суық күндер.

**Мақсаты:**Судың күйінің ауа температурасына тәуелділігін көрсету.

**Мазмұны:**Екі ыдысқа бірдей мөлшерде су құю. Бір ыдыс суық күні сыртқа шығарылады да, екіншісі топта қалады. Балалармен бірге сырттағы және топтағы ауа температурасын өлшеу. Судың қату себебін анықтау.





**Табиғаттағы еңбек:** Сарымсақты қыста егу.

**20. Қардың түсуін бақылау.**

**Мақсаты:** Қысқы табиғат құбылыстарының бірі-қар туралы мағлұмат беру.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Қар деген не? Ол неліктен пайда болады?

(Температураның төмендеуінен) Қар қандай болады? (түсіне қарай-ақ, түссіз, жылтыр, көлеміне қарай-үлкен, кіші, күйіне қарай-ұлпа, жеңіл, дымқыл, жапалақтаған) Ол неге ұқсайды? (Ақ мактаға) Оны немен салыстыруға болады? (Қыраумен) Қар жерге қалай түседі? (Қалықтап, жеңіл, себелеп, кейде жапалақтап тез жауады)

**Көркемсөз:**

Ақша қар

Айналамда ұшып жүр,

Ақ мамық қар себелеп.

Қалт-құлт еткен бейне бір,

Ақ қанатты көбелек.

**Жұмбақ шешу:**

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады.

**(Қар)**

Аппак етіп айналаны,

Ақ көбелек айналады.

**(Жапалақтаған қар)**

**Табиғаттағы еңбек:** Аула сыпырушыға көмектесу.

**21. Боран және бұрқасынды бақылау.**

**Мақсаты:** Балалардың боран және бұрқасын туралы білімдерін кеңейту.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Боран деген не? (Боран-қыс мезгілінде қардың ұйытқып соққан желдің әсерінен ауада қозғалысы) Ол неліктен пайда болады?

(Ол суық желдің әсерінен пайда болады) Боран кезінде айналада қандай өзгерістер пайда болады? (Айнала аппак болып, қар желмен ұйытқып бетке соғады, ештеңе көрінбейді) Бұрқасынның бораннан қандай айырмашылығы бар? (Бұрқасын бораннан гөрі жәй, жеңіл ғана борады, боран сияқты қатты ұйытқып соқпайды).

**Көркемсөз:**

Далада қар борады,

Ақ мамыққа орайды,

Мұз болады, катады,

Жып-жылтыр боп жатады.

**Табиғаттағы еңбек:** Қардан шағын үйінділер жасау.

**22. Қырауды бақылау.**

**Мақсаты:** Бақылау арқылы қырау туралы білімдерін жетілдіру.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Қырау деген не? Ол қандай болады? (аппак, жылтыр, түрлі пішінді болады) Қыраудың қардан қандай айырмашылығы бар? (Қар жерде, үйлердің шатырында жатады, ал қырау ағаштарда, бағандарда, ток сымдарында болады)

**Көркемсөз:** Аппак, аппак, қар аппак,

Қар жамылған дала аппақ,

Қырау-қырау тал аппақ.

Айналаның бәрі аппақ.

**Жұмбақ:** Терезеге қонады,

Әсем ою ояды.

(Қырау)

**Табиғаттағы еңбек:** Күркешені қардан тазарту.

### 23. Ауа-райының қыс мезгіліндегі ерекшеліктерін бақылау.

**Мақсаты:** Қысқы ауа-райына сипаттама бере білуге үйрету.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? (Күн суық, жиі қар жауады, жел тұрып боран соғады) Айналада қандай өзгерістер болады? (Айнала аппақ қарға оранады, кең тыныс алғанда салқын, таза ауа сезіледі, терезелерге аяз өрнек салады) Қыс мезгілінде қандай киімдер киеміз? (Қыс мезгілінде біз қалың киімдер: басымызға бөрік немесе малакай, үстімізге жылы тон, қолымызға қолғап, аяғымызға жылы етік киеміз)

**Көркемсөз:** Жапалақтап ақша қар,

Жауды күнде қайталап.

Қырга шықты балалар,

Шанғыларын арқалап.

**Табиғаттағы еңбек:** Үлкендердің еңбегін бақылау.

### 24. Қардың суға айналуы.

**Мақсаты:** Тәжірибе жасау арқылы қардың суға айналуын бақылау.

**Мазмұны мен сұрақтары:**

**Тәжірибе:** Ыдысқа салынған қарды тәрбиеші бөлмеге әкеліп қояды. Ыдыстағы нәрсе қар екендігіне балалар көз жеткізеді. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін, тәрбиеші балалар мен бірге ыдысты қарайды. Ыдыстың ішінде су.

Қар қайда? (Қар суға айналды) Қар неліктен суға айналды? (Жылы ауаның әсерінен қар еріп кетті)

### 25. Қар мен мұзды салыстыру.

**Мақсаты:** Қар мен мұздың қасиеттерін айыра білу.

**Мазмұны мен сұрақтары:** Қар қандай? (Ақ, ұлпа, жеңіл) Ал мұз ше? (Мұз қатты, түссіз, жылтыр) Қар еріп, жылы ауаның әсерінен суға айналады. Ал еріген суды салқын жерге қойса, ол қатып мұзға айналады.

Тәжірибе арқылы балаларға түсіндіру.

Көпшік берме



26. Құстардың қысқы тіршілігі.

Мақсаты: Құстардың қысқы тіршілігі және қыстайтын құстар туралы түсінік беру. Құстарды қорғауға, ұясын бұзбауға тәрбиелеу.

Мазмұны мен сұрақтары: Құстың ұясын бұзу жасы іспә әлде жаман іспә? (жаман іс) Ал құстарға тас лақтыру дұрыс па? (Жоқ дұрыс емес) Құстарға қамқор боламызба? (Иә біз оған қамқор болып, дән, су береміз) Құстармен біз доспызба? (Иә доспыз)

27. Ұйқыдағы ағаштар.

Мақсаты: Қыс мезгіліндегі өсімдіктердің күйін бақылау, ағаштардың көрінісін тамашалап, қысқы ағаш көрінісін әңгімелеп беруге үйрету.

28. Үлкендердің қысқы еңбегі.

Мақсаты: Қыс мезгіліндегі үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды еңбекқор болуға тәрбиелеу. Еңбек сүйгіштікке үйретіп, үлкендердің еңбегін бағалай білуге баулу. Қыс мезгіліндегі үлкендердің еңбегін бақылау.

29. Қардың түрлері.

Мақсаты: Балаларды қардың түрлерімен таныстыру. Мыс: Түсі ақ, суық, жылы жерде тез ериді және оның түрлері мыналар: жапалақ қар, ұлпілдек қар, ұсақ қар түрлерімен таныстырып есте сақтау қабілетін дамыту. Ажырата білуге үйрету.

30. Ауа-райын салыстырмалы түрде бақылау.

Мақсаты: Қыс мезгілінің соңғы ауа-райындағы өзгерістерді бақылауға үйрету.

31. Көктем келді.

Мақсаты: Көктем мезгілінің алғашқы белгілерін тамашалау. Ағаштар мен ауа-райын бақылауға үйрету.

32. Жылғалардан су ақты.

Мақсаты: Қардың еруін тамашалау, жылғалардан су болып ағуына назар аудару.


Табиғаттың әсем өзгерістеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

33. Ағаштар бүршік жарды.

Мақсаты: Көктем мезгіліндегі ағаштардың бүршік жарып жатқанын, табиғаттағы болып жатқан өзгерістерді бақылауға үйрету.

34. Құстар келді.

Камил Берма



Мақсаты: Жыл құстарын танып білуге үйрету. Жылы жакка ұшып кеткен құстардың қайта ұшып келе жатқанын бақылап, құстарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Құстардың түрлерін, аттарын және суреттеріне қарап ажырата білуге үйретін, есте сақтау қабілетін дамыту.

35. Көктемгі табиғат ерекшеліктерін бақылау.

Мақсаты: Көктем мезгіліндегі табиғат ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту. Жаңбыр туралы кеңінен ұғындыру. Кемпіркосақтың жаңбырдан сон пайда болатындығын және 7-түсті болатынын үйрету. Бақылау жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.

36. Мақсатты серуен. Көктемгі баққа саяхат.


Мақсаты: Жылы жактан құстардың ұшып келуі аяқталғанын түсіндіру. Құстарға деген қамқорлығын ояту. Тірі табиғатқа, құстармен дос болуға, оларға күтіп, бағып қарауға тәрбиелеу.

**Бағдарламаның мақсаты:** Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру. Балаларды өз туған өлкесін, табиғатын сүйуге, оны аялай білуге, оны қорғауға тәрбиелеу. Қызығушылығын арттырып жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету. Жыл мезгілдерінің өзіне сай ерекшеліктерін бақылауды үйрету.

**Бағдарламаның міндеттері:**

1. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші екендігін сезінеді.
2. Бала белсене қатысып, белсенді әрекеттерге талпынады.
3. Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгереді.
4. Қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылықтары артады.
5. Тірі және өлі табиғат арасында, тірі организммен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды бақылау арқылы үйренеді.

Қашық берілді



**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Табиғат. Бала. Тәрбие «Отбасы және балабақша» журналы. — 1997ж. №1
2. Қалықбаева. З. «Табиғат- тал бесігің» «Отбасы және балабақша» журналы — 1995ж. №6
3. Google
4. Қоқанбаева. Р. И. «Экологиялық тәрбие беру» «Отбасы және балабақша» журналы. - 2006ж. №5
5. Ыдырысова. Ж. «Табиғатқа ынтызарлық сезімді ояту» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1997ж. №4-6
6. Қамақов. Ә. «Жеткіншектердің көркемдік талғамын қалыптастыру» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1997ж. №1-3
7. Жұмабекова. Ф. И. «Көркемдік тәрбиені ұйымдастыру ерекшеліктері» «Балашадағы көркемдік тәрбие»
8. Манкеш. А. Е. «Экологиялық тәрбие негізінде баланың рухани жан дүниесін дамыту» Білім беру және менеджмент. - 2007ж. №2
9. Хамитқызы. Ғ. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1996ж. №3
10. Ерженбайқызы. А. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие арналары» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1996ж. №11-12
11. Шалғынбаева. Қ. «Экологиялық тәрбие» «Отбасы және балабақша» журналы. - 2001ж. №12
12. Құлшанова. С. «Табиғатты қорғау» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1993ж. №6
13. Көбеева. Н. «Бала және табиғат» «Отбасы және балабақша» журналы. - 1993ж. №5

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»  
«МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ БОЙЫНША**

**Б Ұ Й Р Ы Қ**

Мәртөк селосы

№ 205

« 27 » 08 2021 ж.

**2021-2022 оқу жылына арналған  
Мектепке дейінгі ұйымдардағы  
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің  
аясынан тыс тақырыптық бағыты бойынша  
вариативтік бөлім /компонент/ жұмыстарын  
бекіту туралы**

Аудандық сараптама кеңесінің 02.09.2021 жылғы № 8 хаттамасы шешімі негізінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерімен оқыту мен тәрбиелеу процесін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, шығармашы тұлға қалыптастыру, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінен тыс қызығушылықтары бойынша жұмыс түрлерін ұйымдастыру мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

**Мектепке дейінгі ұйым басшыларына:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің жоғары нәтижелі қамтамасыз ететін вариативтік компонент /бағдарламалар/ аудандық білім бөлімінің сараптамалық кеңес ұсынылсын.

**2. Рұқсат етілсін:**


- 2.1 «Бумажные превращение» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.2 «Народные умельцы» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.3 «Игралочка» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.4 «Валшебный язычек» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.5 «Сиқырлы қағаздар» - №2 «Айгөлек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.6 «Жас спортшы» - №2 «Айгөлек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.7 «Өнерлі екен он саусақ» - №2 «Айгөлек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.8 «Ертегілер әлемінде» - №5 «Балбөбек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.9 «Сөйле, сөйле балақай» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.10 «Сиқырлы ертегілер» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.11 «Поговори-ка» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.12 «Говорим красиво» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.13 «Ертегілер әлемінде» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.14 «Грамотейчик» - №12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.15 «Сиқырлы сандар» - ЖШС «Мансур2016» «Каусар» балабақшасы;
- 2.16 «Бала тілін дамыту» - ЖШС «Мансур2016» «Каусар» балабақшасы;
- 2.17 «Бала тілін дамыту» - ЖҚ «Каденова Н.У» «Мансур» балабақшасы;
- 2.18 «Жас экологтар» - ЖҚ «Каденова Н.У» «Мансур» балабақшасы;
- 2.19 «Байқампаздар әлемі» - ЖҚ «Каденова Н.У» «Мансур» балабақшасы;
- 2.20 «Ойнайық та ойлайық» - ЖҚ «Каденова Н.У» «Мансур» балабақшасы;
- 2.21 «Ойнайық та ойлайық» - ЖШС «Аслан Али» «Томирис» балабақшасы;
- 2.22 «Ертегілер еліне саяхат» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 2.23 «Юный художник» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 2.24 «Занимательная математика» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 2.25 «We love English» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 2.26 «Сиқырлы саусақтар әлемі» - №7 «Таңшолпан» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.27 «Сөйле балақай» - №7 «Таңшолпан» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.28 «Табиғат ғажаптары» - №7 «Таңшолпан» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 2.29 «Пішіндер сандықшасы» - ЖШС Дисней клуб «Дисней клуб» балабақшасы.
- 2.30 «Әдептілік әлемі» - ЖШС Дисней клуб «Дисней клуб» балабақшасы
- 2.31 «Табиғат әлемі» - ЖШС Дисней клуб «Дисней клуб» балабақшасы.

### 3. Жалғастырылсын:

- 3.1 «Саусақтар әлемі» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.2 «Әзіл, жұмбақ, жаңылтпаш –ермегіміз жалықпас» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.3 «Әлемдегі қызықтар» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.4 «Юный математик» - №1 «Тополек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.5 «Байқампаздар әлемі» №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы МКҚК;
- 3.6 «Өнерлі екен он саусақ» - №5 «Балбөбек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.7 «Экология» - №5 «Балбөбек» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.8 «Өнерлі екен он саусақ» - №6 «Қарлығаш» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.9 «Сиқырлы суретші» - №6 «Қарлығаш» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.10 «Бәрін білгім келеді» - №6 «Қарлығаш» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.11 «Поговори-ка» - ЖШС «Аслан Али» №8 «Болашақ» балабақшасы
- 3.12 «Сақ болайық» - №9 «Шапағат» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.13 «Табиғат сырын ашамыз» - №9 «Шапағат» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.14 «Маленькие фантазеры» - №9 «Шапағат» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.15 «Волшебная графика» - №9 «Шапағат» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.16 «Развивайка» - №9 «Шапағат» бөбек-бақшасы МКҚК;
- 3.17 «Әженің ертегілері» - ЖШС «Аслан Али» «Еркемай» балабақшасы;
- 3.18 «Тәрбие тал бесіктен» - ЖШС «Аслан Али» «Еркемай» балабақшасы;
- 3.19 «Шебер қолдар» - ЖШС «Аслан Али» «Еркемай» балабақшасы;
- 3.20 «Ертегілер еліне саяхат» - ЖШС «Аслан Али» «Еркемай» балабақшасы;
- 3.21 «Шебер қолдар» - ЖШС «Аслан Али» «Достық» балабақшасы;
- 3.22 «Денсаулық зор байлық» - ЖШС «Нұр-ай бөбек» балабақшасы ;
- 3.23 «Сиқырлы қалам» - ЖШС «Нұр-ай бөбек» балабақшасы;
- 3.24 «Ертегілер еліне саяхат» - ЖШС «Нұр-ай бөбек» балабақшасы;
- 3.25 «Көңілді тамшылар» - ЖШС «Нұр-ай бөбек» балабақшасы;
- 3.26 «Мейірімділік пен өділдік мекені» - ЖШС «Нұр-ай бөбек» балабақшасы ;
- 3.27 «Ертегілер елінде» - «Саид» балабақшасы;
- 3.28 «Шебер қолдар» - «Саид» балабақшасы;
- 3.29 «Ойна да ойла» - «Саид» балабақшасы;
- 3.30 «Бәрін білгім келеді» - ЖШС «Аслан Али» «Томирис» балабақшасы;
- 3.31 «Мир фантазий» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 3.32 «Учим говорить правильно» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 3.33 «Сиқырлы әлем» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 3.34 «Білгірлер әлемінде» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 3.35 «Funny English» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;
- 3.36 «Сиқырлы саусақтар» - ЖШС «Дастан2016» «Нұрсәт» балабақшасы;

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі С.Балмагамбетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы:



Н.Ашимов